

FTAMP 16.31.51

**Н.Т. Дүйсенова (orcid-0000-0002-0462-3390)***Магистрант**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*  
[nazym.duisenova@gmail.com](mailto:nazym.duisenova@gmail.com)

## **БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

**Аннотация.** Бұл мақалада билингвалды және полилингвалды тілдік білім беру жағдайындағы тілдік тұлға лингводидактикалық және лингвомәдени тұрғыдан қарастырылады және тіл үйрену кезінде адамға тілдік тұлға ретінде қарау қажеттігін негіздеген Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлға моделіне сүйенеді. Көптілді білім беру процесінде екінші L2 және үшінші тілді L3 үйрену тілдік тұлғаның ана тілінде қалыптасқан тұлғасының тілдік тәжірибесіне негізделетіні зерттеулерге сүйене отырып дәлелденеді. Шетел тілін үйрену арқылы тілдік тұлғаны қалыптастыру процесі ана тілі жүйесімен байланысты болғандықтан жаңа тілдік ортада оқушының алдын қалыптасқан тілдік тұлғасы негізінде екінші тілдік тұлға қалыптасатыны алға тартылады және оны отандық білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігі ұсынылады. «Екінші тілдік тұлға» шетел тілін оқытудың заманауи теориясы мен әдістемесінде аса маңызды да негізгі ұғымдардың бірі болып табылады және заманауи лингводидактикада екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру шетел тіліне оқытудың мақсаты және оның тиімділігінің критерийі деп бағаланып жүргендіктен тілін оқытуда болсын, кіріктірілген оқытуда болсын осы ғылыми тұжырымдама тіл мұғалімдері мен жаратылыстану бағытындағы оқу пәндерін шетел тілінде оқытуды жүзеге асырып отырған пән мұғалімдері үшін үлкен көмек болары анық.

**Тірек сөздер:** билингвалды және полилингвалды тілдік білім беру, тілдік тұлға, тілдік тұлға моделі, екінші тілдік тұлға, екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы жаһандану кезеңінде әлемде өзіне лайықты орынды иемденуді, заман ағымына сай жастарды тәрбиелеуді нормативтік құжаттарда қарастырып, кем дегенде үш тілді меңгерген, әлем халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтейтін көпмәдениетті тұлға тәрбиелеу стратегиясы анықтады. Өз ана тілімен қатар орыс және шетел тілін білу кім-кімнің болса да ой өрісін кеңейтіп, оның жан-жақты дамып жетілуіне, толеранттылық ұстанымы мен әлем туралы танымның қалыптасуына ықпал ететіні анық [1]. Осы орайда білім беру саласының алдына көптілді тұлға қалыптастыру сынды маңызды міндет қойылып отыр.

Қазақстанда көптілділік пен көпмәдениеттілік едәуір уақыттан бері қалыптасып, қолданыста жүрген белгілі феномен. Халықтың басым бөлігі қостілді (билингв), көпшілігі көптілді (полилингв). Дегенмен көптілді тұлға қалыптастыру үшін оның ғылыми-әдістемелік негізіне сүйенген жөн. Сондықтан ұсынылып отырған мақалада тілдік тұлға ұғымына, тілдік тұлғаны моделіне және оның екінші немесе көптілді тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпалын сөз ететін боламыз, өткені бұл мәселелер шетел тілінде білім беруді жүзеге асырып жүрген мұғалімдер қауымы оқу үрдісін жоспарлау мен жүзеге асыру үшін пайдалы болары анық.

**Зерттеу шарттары.** Полилингвизм идеясының көпғасырлық тарихы бар дейді педагогика ғылымының негізін қараушы Я.А.Коменский. Оның лингво-дидактикалық концепциясы бойынша «сауатты адам бірнеше тіл білгені жөн: ана тілі – «жеке өмірі үшін», көршілес халықтардың тілі (тілдері)

– олармен «қарым-қатынас үшін», латын тілі – «ғылыми мазмұндағы кітаптарды оқу үшін» [2]. Я.А.Коменский тілдерді үйренудің қолданбалы сипаты туралы айтқан «тіл үйрену білім алудың немесе ғылымилықтың бір бөлігі емес, қайта, білім алудың және оны өзгелермен бөлісудің құралы болуы керек» деген сөзі де аса құнды. Әдістемелік аспектіде автордың пікірі күні бүгінге дейін құнды болып табылады, өйткені тіл үйренудің басты критерийі оны практикалық яғни іс жүзінде меңгеру деп санаған [2].

Демек қостілділік пен көптілділікті қалыптастыру және дамыту проблемасы қашанда ғалымдардың назарын аударып келеді. Дегенмен, әртүрлі тілдерді меңгерудің маңыздылығын атай келе, ғалымдар баланы ең алдымен ана тіліне және туған мәдениетін үйретіп баулу қажеттігіне екіпін жасайтынын да естен шығармаған жөн. Ал тіл үйрену жайлы айтқанда тілдік тұлғаға тоқталмай кетуге болмас. «Тілдік тұлға» терминін алғаш қолданысқа енгізген орыс ғалымы В.В.Виноградов болды, ол мұны көркем әдебиет материалында автор мен кейіпкердің тілдік тұлғасын суреттеу жолымен анықтады. Заманауи ғылымда тілдік тұлға тұтас феномен ретінде қарастырылады, онда пәнаралық лингвистикалық (психолингвистикалық, лингводидактикалық және лингвомәдени) зерттеулердің нәтижелері кіріктірілген. Тілдік тұлға проблемасын зерттеумен орыс ғалымдары Д.В. Аникин, Г.И. Богин, С.Г. Воркачев, В.В. Виноградов, В.Г. Гак, В.И. Карасик, Ю.Н. Караулов, С.А. Сухих, К.Н. Хитрик және басқалар айналысты [5, 6, 7, 8, 9].

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігіне қарасты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы» атты Бағдарламада Қазақстандағы үштілді білімді дамытудың өзекті мәселелері, Қазақстандағы үштілді білім саласындағы мақсаттары мен міндеттері, үштілді білім саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары анықталған. Аталмыш құжатта тілдік тұлға, екінші тілдік тұлға және полилингвалды тілдік тұлға қарастырылып, оларға келесідей анықтамалар беріледі: Тілдік тұлға – құрылымдық-тілдік күрделілігі, шындықты көрсету тереңдігі мен нақтылығы дәрежесімен, белгілі мақсатты бағытталуымен ерекшеленетін тілдік шығармаларды (мәтіндерді) жасауды және қабылдауды көздейтін адам қабілеттері мен сипаттамалары жиынтығы. Екінші тілдік тұлға – мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға адамның қабілеті. Аталған қабілет зерделенетін тіл вербалдық семантикалық кодын игеруден, атап айтқанда осы тіл тасымалдауыштарының «Тілдік әлем суретінен» (екінші тілдік сана-сезімді қалыптастыру) және «жаһандық (тұжырымдамалық) әлем суретінен» қалыптасады. Көптілді тұлға – бірнеше тіл: ана тілі; өмір сүру қоғамында қызмет көрсететін тілдер; бір немесе одан көп шетел тілін меңгерген тұлға [3].

Енді тілдік тұлғаға байланысты ғалымдардың пікірлеріне сараптама жасап көрелік.

Тілдік тұлғаны анықтауға арналған зерттеулерде негізінен екі бағыт анықталады: лингводидактикалық және лингвомәдени. Лингводидактикалық зерттеулердің нысаны ретінде тұлға тілдік қабілеттердің жиынтығы тұрғысынан қарастырылады [4]. Лингвомәдени зерттеулердің нысаны «белгілі бір тілдің ұлттық-мәдени прототипі» болып табылады [5].

Лингводидактикалық тұрғыдан алғандағы тілдік тұлға моделінің негізін қалаушы Г.И. Богин тілдік тұлға бұл «человек, рассматриваемый с точки зрения его готовности производить речевые поступки, создавать и

понимать произведения речи. Языковая личность – один из компонентов существования языка, это – тот, кто присваивает язык, то есть тот, для кого язык есть речь», - деп тұжырымдайды [6].

Тіл үйрену кезінде адамға тілдік тұлға ретінде қарау қажеттігін негіздеген Ю.Н.Караулов болды. Оның пікірінше, «так как невозможно изучать какой-то один из аспектов научно-лингвистической парадигмы о языке, то выход можновидеть только в обращении к человеческому фактору и введении в лингвистическую парадигму языковой личности, как равноправного объекта изучения, как такой концептуальной позиции, которая позволяет интегрировать разрозненные и относительно самостоятельные свойства языка» [7]. Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаны реконструкциялау әдістемесін құрастырды және оған «совокупность способностей и характеристик человека, обуславливающих создание и воспроизведение им речевых произведений (текстов), которые различаются: а) степенью структурно-языковой сложности; б) глубиной и точностью отражения действительности; в) определенной целевой направленностью...» деп анықтама берді [7]. Ю.Н.Карауловтың тұжырымдамасына сәйкес «языковая личность – это личность, выраженная в языке (в текстах) и через язык, есть личность, реконструированная в основных своих чертах на базе языковых средств. Это углубление, развитие, насыщение дополнительным содержанием понятия личности вообще» [7]. Ол тілдік тұлғаға «многослойный и многокомпонентный набор языковых способностей, умений, готовностей к осуществлению речевых поступков разной степени сложности, поступков, которые классифицируются, с одной стороны, по видам речевой деятельности (имеются в виду говорение, аудирование, письмо и чтение), а с другой – по уровням языка, т.е. фонетике, грамматике и лексике» деп анықтама берді [7].

Ю.Н.Караулов тілдік тұлға деп генетикалық тұрғыдан тілдік жүйені құру мен оны басқаруға деген бейімділікті айтады, яғни тілдік тұлға тілдік қызметті жүзеге асыруға қажетті қабілеттілік пен даярлықтардың көпкомпонентті жиынтығы [8]. Демек тілдік тұлға «любой носитель того или иного языка, охарактеризованный на основе анализа произведенных им текстов» [9].

Тілдік тұлғаның құрылымын Ю.Н.Караулов үш деңгейге бөлді:

1) Вербалды-семантикалық, яғни ана тілді сөйлеуші табиғи тілді кәдімгідей меңгереді деп күтіледі. Бұл деңгейдің бірліктері жекелеген сөздер, олардың арасындағы грамматика-прагматикалық, семантика-синтаксистік және ассоциативтік қарым-қатынастар болып табылады және тұлғаның лексиконы деп аталады да, тұлғаның фонетикалық және грамматикалық білімін қамтиды.

2) Лингво-танымдық. Бұл деңгейдің бірліктері тұлғаның құндылықтар иерархиясын білдіретін түсінік, идеялар, тұжырымдар, олар әрбір тілдік тұлғада едәуір дәрежеде реттелген, жүйеленген «әлем» туралы түсінігінен құралады.

3) Ынталандырушы-прагматикалық. Соңғы деңгей тілдік тұлғаның дамуына және оның мінез-құлығына себеп болатын, олардың мәгін құрастыруына басшылық жасайтын және оның тілінде әлем моделінің мағынасы мен құндылықтар иерархиясын анықтайтын мотивтер мен мақсаттарды анықтау және олардың сипаттамасын білдіреді. Бұл деңгейдің бірліктері тұлғаның әлеуметтік мінез-құлығына негізделген

коммуникативтік- әрекет қажеттігі, яғни тұлғаның прагматиконы – тұлғаның мақсаттары, мотиві, қызығушылықтары, ұстанымдары жүйесі [7].

Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаның үшдеңгейлі құрылымы туралы тұжырымдама коммуникативтік қажеттіліктердің үш типімен (байланыс орнатушы, ақпараттық және ықпал етушілік) және қарым-қатынас процесінің үш жағымен (коммуникативті, интерактивті және перцептивті) белгілі бір жолмен үндесетінін атап өтеді.

Қазақстандық ғалым А.Ж. Мурзалинова «Тілдік тұлға – бір тілдің компетентті сөйлеушісі, ол лингвистикалық ойлауының, соған сәйкес санасы, дамыған тілдік сезімінің арқасында тілді барлық функцияларымен жан-жақты қолдануға, көптілді қоғамда жылдам әрі тиімді бағдар алуға, диалог және полилогқа қатысуға, лингвистикалық білімнің әлеуетін жүйелі қолдануға қабілетті» деген пікір айтады [10].

Қазақстандық келесі бір ғалым С.М.Керимова өзінің Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қорғаған «Мәдениетаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» тақырыбындағы докторлық диссертация жұмысында «Тілдік тұлға тілді меңгере келе және әлемнің ұлттық тілдік бейнесіне «ене отырып» тілді тасымалдайтын белгілі бір этномәдени қауымдастықтың өкілі ретінде қалыптасады» деген пікір айтады [11].

Қорыта айтар болсақ, Ю.Н.Караулов ұсынған тілдік тұлғаның деңгейлік моделі үлкен қолдау тауып, зор сұранысқа ие болды. Бұл модель тілдік тұлғаны жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беріп, аспектілік модельдер құрастыру жолында тілдік тұлғаның құрылымына байланысты зерттеулер дамыды. Бүгінде тілдік тұлғаны зерттеудің көптеген аспектілері қалыптасқан: этносемантикалық, элитарлы, тілдік тұлға және сөйлеу тұлғасы, батыс және шығыс мәдениеттеріндегі тілдік тұлға, эмоционалды, диалектті, гендерлік т.с.с. Ал біз оқушының тілдік тұлғасын қарастыруды қолға алып отырмыз.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д.Сүлейменова, М.М.Копыленко, М.К.Исаев, З.К. Ахметжанова, С.Е.Байболсынова, Г.А.Ғабдуллина, Б.Хасанұлы еңбектерінде қарастырылған. Қостілділік түсінігіне байланысты ғалымдар пікірі әрқилы. Белгілі ғалым Б.Х.Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» [12] деген қорытындыға келеді.

Жаңа тілдік ортаға кіріккенде оқушы қалыптасқан тілдік тұлға ретінде өзіне басқа, ұжымдық тілдік тұлғаның ықпалын сезіне бастайды. Онымен әрекеттесу нәтижесінде екінші тілдік тұлға (ары қарай: ЕТТ) қалыптасады, яғни оқушының үйреніп жатқан тілі арқылы жүзеге асатын тілдік тұлғасының құрылымы [13]. Бұл терминді алғаш ұсынған және қолданысқа енгізген И.И.Халеева болды: «Идея Ю. Н. Караулова о языковой личности, обретающей контуры лишь вне языка системы, является ключевой не только для лингвиста, но и для лингводидакта, призванного воспитывать вторичную языковую личность» [14].

И.И.Халеева тілдік тұлғаны мәдениетаралық деңгейде өзектендіруге ұмтылады. Екінші тілдік тұлға адамның мәдениетаралық деңгейде шетел

тілінде қарым-қатынас жасау қабілетінің жиынтығы ретінде анықталады, яғни өзге мәдениет өкілдерімен адекватты өзара әрекеттестік жасай алысу дегенді білдіреді. Сонымен «екінші тілдік тұлға» шетел тілін оқытудың заманауи теориясы мен әдістемесінде аса маңызды да негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Алайда оны интерпретациялау, теориялық тұрғыдан зерттеу мен практикада жүзеге асыру бір орында тұрған жоқ. Бұл түсініктің трансформациялануы бізді қоршаған социумның құрылымындағы өзгерістермен, социумның өз дамуының әрбір жаңа кезеңінде шетел тілін оқытуға қойып отырған талаптарының өзгеруімен түсіндіріледі [15].

Екінші деген сөз бір индивидтің ішіндегі тұлғалардың иерархиясына екіпін жасайды – шетел тілін үйрену арқылы тілдік тұлғаны қалыптастыру процесі автоматты түрде ана тілі жүйесімен байланысты болады, сондықтан да әлемнің жаңа көрінісі алдын қалыптасқан жүйе арқылы жүзеге асады және өз алдына болуы мүмкін емес. Дегенмен заманауи лингводидактикада ЕТТ қалыптастыру шетел тіліне оқытудың мақсаты және оның тиімділігінің критерийі деп жиі айтылып жүр. «Кез келген тілдік білімнің нәтижесі тілдік тұлғаны қалыптастыру, ал шетел тілін оқыту саласында нәтиже – адамның мәдениетаралық коммуникацияға толыққанды қатыса алу қабілетінің көрсеткіші ретінде екінші тілдік тұлға болмақ»/ «Результатом любого языкового образования должна явиться сформированная языковая личность, а результатом образования в области иностранных языков — вторичная языковая личность как показатель способности человека принимать полноценное участие в межкультурной коммуникации» [16]. Сонымен, тілдік тұлға және ЕТТ индивидтің ішінде бір-бірінен бөлек өмір сүруі мүмкін емес, олар билингвалды тұлғаның субординативті сипатын анықтай отырып синтезделеді. Демек ЕТТ қалыптастыру билингвалды тұлғаны қалыптастыру аспектілерінің бірі ғана.

Билингвалды тұлғаны қалыптастыру процесінде құрылымдық әрекеттестік болады: тілдік тұлға ЕТТ ықпалын тигізсе, ЕТТ тілдік тұлғаны трансформациялайды. Ана тілді емес ортада болған кезде өзінің тілдік тұлғаңнан алыстап, есесіне ЕТТ басымдылыққа ие болуы мүмкін (үйреніп жатқан тіл доминанттыққа ие болады). Екінші тілді өмірде жүйелі түрде қолданып отыру тілдер бірлігінің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Тілдік тұлға мен ЕТТ арасындағы өзара әрекеттестік механизмдерінің бірігуі мен ажырауына тоқталайық. Яғни тілдік тұлға мен ЕТТ лексикон деңгейінде, когнитивті деңгей мен прагматикон деңгейінде араласу және алмасу процесстері болады. Бірігу жайлы айтқанда, индивидтің бірыңғай «концептуалды қойманы» әртүрлі тілдік кодтарымен қолдану меңзеледі. Мысалы, бір мағынаны екі тілде білдіруге болады, алайда мұнда шетел тілінің бірлігі ана тілінің бірлігіне ыңғайланады (мысалы, қазақ тіліндегі «дос» сөзінің орыс «друг» немесе ағылшын тіліндегі «friend» эквиваленті). Егер де индивидтің тілдік санасы «қарсылық білдіретін» болса, онда вербалды-семантикалық деңгейде жаңа тілдік жүйені қабылдамау ана тілінен калька жасауға алып келеді, ал когнитивті деңгейде – ана тілді сөйлеушілердің құндылық-иерархиялық мағыналар жүйесіне сәйкес келмейтін құндылық-иерархиялық мағыналар жүйесін құруға алып келеді. Мысалы, американдық және орыс оқушыларының арасында жүргізілген эксперимент барысында базалық – үй когнеміне байланысты келесідей нәтиже алынған: американдық оқушылардың салған суретінде үйдің шатыры тегіс, ал үйдің маңайында көгал бейнеленген. Ал орыс оқушыларының суретінде үйдің шатыры үш бұрышты және қасында алма ағашының немесе

қайыңның суреті бейнеленген. Ассоциативті эксперимент аясында да кейбір мағыналарға байланысты сөздің реакциясы да бірдей болмайды. Билингвизмнің мұндай көріністерінің себебін Л.В. Щерба: «Говорящий заимствует из другого языка, прежде чем слова, те понятия или их оттенки, ту их окраску, наконец, которые кажутся ему необходимыми» деп көрсетеді [17].

Сонымен, тілдік тұлғаны және ЕТТ бірігу жағдайында да, ажырату жағдайында да нәтижесінде көптеген коммуникативтік сәтсіздіктер, тіпті конфликттер де болады. Билингвизм, полилингвизм феноменін зерттеуші мамандар «наступает момент, когда выводы и обобщения относительно закономерностей иностранного языка, сделанные в рамках смысловой системы родного языка, вступают в противоречие с практикой изучаемого языка. Эти высказывания оцениваются преподавателем как неправильные, а сам учащийся начинает воспринимать изучаемый язык как нечто нелогичное и недоступное для понимания» деген пікір айтады [18].

Демек тілдік тұлға мен ЕТТ өзара әрекеттестік сипаты жайлы кең ауқымда түсінілетін екіжақты интерференция айтылу керек, яғни образ, мотив, этикалық ориентирлер, шындықты эмоционалды-бағалай қабылдаудың ерекшеліктері деңгейінде. Басқаша айтқанда, тілдік тұлғаның типологиялық ерекшеліктерімен қатар билингвалды тұлғаның типологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде оның өзіне тән диалогтылығын (диалогичность) айту керек.

Билингвалды тұлғаның толық сипаттамасын жасау үшін билингвалды тілдік тұлғаның екінші тілдегі тілдік және сөйлеу құзыреттілігі деңгейін, оның екінші тілде даярлық деңгейін көрсететін әртүрлі деңгейдегі мәтін құрастырудағы тілдік қабілетін, екінші тілді меңгеру деңгейін, сонымен қатар аудармашылық құзыреттілігінің деңгейін де қарастырған жөн болады. Бұл жағдайда билингвалды тілдік тұлғаны біріншіден, «оның сөйлеу әрекеттерін жасауға даярлығы тұрғысынан», екіншіден, қос-, көптілді тұлғаның екінші тілін адамның сатылап өлшенетін қабілеті ретінде қарастыра отырып тілдік қабілеттердің қалыптасу және жүзеге асырылу деңгейіне қарай сипаттауға болады.

Сол себепті көптілді мамандарды дайындауда шетел тілдерін оқыту теориясы мен әдістемесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне баса назар аударылады. Бұл мәселе көптілділікті зерттеумен белсенді айналысып жүргендер отандық ғалымдар Б.А. Жетпісбаева, А.Ж. Мұрзалинова т.б. еңбектерінде қарастырылады [19, 10].

Б.А. Жетпісбаева «Көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері» (2009) атты докторлық диссертациясында тілдік тұлғаны көптілді тұлға контекстінде және оның қалыптасуын педагогикалық аспектіде қарастырады. Автор тілдерді (ең алдымен, мемлекеттік және ресми) үйрену бойынша білім беру процесін ұйымдастыру әдістемесі нақты аймақтың социоллингвистикалық жағдайына сәйкес оның алуан түрлі географиялық ландшафтты қамтитындығымен байланыстырады, ал ландшафт онда қоныстанушылардың менталитетінің ерекшелігін анықтайды. Б.А. Жетпісбаева сонымен қатар көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусын жасап, көптілді білім беру мен көптілді тұлға ұғымдарына анықтама берді. Автор Қазақстандағы көптілді білім берудің теориялық негізін және оның әдіснамалық қамтамасыз етілуін жасады.

Б.А. Жетпісбаеваның пікірінше, көптілді тұлға – бірнеше тілдің белсенді қолданушысы, ол – сөйлеу тұлғасы – индивидке бір мезгілде

бірнеше тілде сөйлеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттердің кешені; коммуникативтік тұлға – вербалды мінез-құлық және әртүрлі лингвосоциум өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілді қолдану қабілетінің жиынтығы; сөздік немесе этносемантикалық тұлға – бірнеше тілдің лексикалық жүйесінде кіріктіріле көрініс тапқан көзқарастық ұстанымдар, құндылықтар, мінез-құлық тәжірибесінің симбиозы [19].

**Қорытынды.** Қорыта келе, шетел тілін үйренудің табыстылығы полилингвалды тұлғаның қалыптасу сапасымен анықталады. Мұнда полилингвалды тұлға осы процесстің қай деңгейінде тұрғанын анықтап алу маңызды. Кештеу қолға алынған билингвализм жайлы сөз болғанда, бірінші кезеңде ЕТТ ана тілді тілдік тұлға негізінде құрылады. Оқушы санасыз түрде үйреніп жатқан тілді ана тілінің призмасы арқылы өткізеді – ақпаратты белгісіз кодтан бұған дейін қалыптасқан концептуалды базаны қолдана отырып таныс кодқа «ауыстырады». Келе-келе ана тілді тілдік тұлға мен ЕТТ өзара әрекеттестік жасай бастайды, яғни екінші кезең ана тілді тілдік тұлға мен ЕТТ құрылымдарының араласуымен сипатталады: олардың қатардағы бірліктері бірігуі, калька жасауы немесе ауыстырылуы мүмкін. Үшінші кезеңде, оқушының полилингвалды тілдік тұлғасын қалыптастыру аясында бірігу процесі зиянды бола бастаған кезде, ЕТТ мен ана тілді тілдік тұлғаны саналы түрде ажырату міндеті қойылғаны жөн., осылайша екі тәуелсіз құрылым қалыптастыру керек, оның әрқайсы өзінің қатардағы бірліктерінің жиынтығымен және вербалды-семантикалық, когнитивті және прагматикалық деңгейде қарым-қатынаспен сипатталатын болуы керек. Басқаша сөзбен айтқанда, үшінші кезеңде субординативті билингвизм координативті билингвизмге ақырындап трансформациялау жүзеге асуы тиіс. Мұнда оқушы ана тілді тілдік тұлғадан бөлек өзгеше тілдік тұлға бар екенін түсінеді, оның типологиялық ерекшеліктерін түсінеді және оларды ақырындап дамытады. Координативті билингвизм, яғни қостілділікті таза түрі, Л.В.Щербаның анықтамасы бойынша, сөйлеушінің санасында екі тілдік жүйенің бір-бірінен бөлек, екеуінің арасын салыстырулар мен параллельдерсіз, өз алдына дербес болуы деп түсініледі. Координативті, бір және екі-үш тілде еркін қарым-қатынас жасай алуды немесе субординативті билингвизм (бір тілді еркін меңгеру және екінші тілде аударма жасау арқылы қарым-қатынас жасау) қалыптастыру үшін тілдік пәндер кіріктірілуі қажет, яғни мұнда ұқсас тілдік құбылыстарды жағымды тасымалдау (транспозиция) және тілдік құбылыстар арасындағы «алшақтықтардың» оқушының сөйлеуіне кері ықпалы (интерференция) есепке алынуы тиіс.

Сонымен, полилингвалды тұлға қалыптастыруға бір жағынан, жеке тұлғаға бағытталған оқыту идеясы және екінші жағынан, оқушылардың саналылығы мен белсенділігінің жалпыдидактикалық қағидалары негіз болады. Жалпы дидактикалық қағида оқуда оқушылардың рефлексиясын белсендіру арқылы білімді саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етуді талап етеді. Осылайша, полилингвалды тұлғаны қалыптастыру процесінде саналылық критерийі бойынша көптілділіктің стихиялы типінен интенционалды типіне ауысу жүзеге асады деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасы [Электронды ресурс]. –

- Қолжетімділік режимі: <https://www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy>. Астана, 2004.
2. Джурицкий, А.Н. Педагогическое наследие [Текст] / А.Н. Джурицкий, В.М. Кларин, Я.А. Коменский – М.: Педагогика, 1987. – 412 с.
  3. [?] Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы [Мәтін]. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 89 б.
  4. Аникин, Д.В. Исследование языковой личности составителя «Повести временных лет» [Текст]: дис. ...канд. филол. наук: 10.02.01 / Д.В. Аникин. – Барнаул, 2004. – 205 с.
  5. Воркачев, С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании [Текст] / С.Г. Воркачев // Филологические науки. – 2001. – № 1. – С. 64-72.
  6. Богин, Г.И. Начальные уровни развития языковой личности школьника как формат для определения успешности его филологической подготовки [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://university.tversy.ru/>. Дата обращения 19.10.2019.
  7. Караулов, Ю.Н. Русский язык и языковая личность [Текст] / Ю.Н. Караулов. – М.: Наука, 1987. – С. 29-68.
  8. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. М.: Изд-во ЛКИ, 2010. 264 с.
  9. Караулов, Ю.Н. Языковая личность [Текст] / Ю.Н. Караулов. Русский язык: энциклопедия: 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая российская энциклопедия; Дрофа, 1997. 672 с.
  10. Мурзалинова, А.Ж. Методические основы формирования функциональной грамотности учащихся-казахов при обучении русскому языку в 10-11 классах школы нового типа [Текст] / А.Ж. Мурзалинова. – Алматы, 2002. 31б.
  11. Керимова, С.М. Мәдениетаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/Диссертация%20Керимова%20PDF.pdf>. Қаралған уақыты: 16.12.2020.
  12. Хасанұлы, Б. Тілдік қатынас негіздері [Мәтін] / Б. Хасанұлы. – Алматы, 2006. – 86 б.
  13. Потёмкина, Е.В. Вторичная языковая личность как объект лингводидактики [Текст] / Е.В. Потёмкина // Вестн. ЦМО МГУ, 2012. № 4. С. 59–64.
  14. Халеева, И.И. Вторичная языковая личность как реципиент инофонного текста [Текст] / И.И. Халеева // Язык — система. Язык — текст. Язык — способность. – М.: РАН ИРЯ, 1995. С. 277–286.
  15. Халяпина, Л.П. Технология сопоставительного концептуального анализа в системе формирования поликультурной языковой личности [Текст] / Л.П. Халяпина // Сибирский педагогический журнал. – 2009. – № 1. – С. 184-193.
  16. Гальскова, Н.Д. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика [Текст]: Учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. – 6-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2009. – 336с.
  17. Щерба, Л.В. Языковая система и речевая деятельность [Текст] / Л.В. Щерба.–Л.: Издательство «Наука», 1974. – 426с.



18. Блинова С.Г. Проблема формирования билингвального сознания в лингвистике и лингводидактике [Электронный ресурс] / С.Г. Блинова, Т.К. Цветкова // Ярославский педагогический вестник. - Режим доступа: [http://vestnik.uspu.org/releases/novye\\_Issledovaniy/25\\_6/](http://vestnik.uspu.org/releases/novye_Issledovaniy/25_6/).
19. Жетписбаева, Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования [Текст]: автореф. дис. ... докт. пед. наук: 13.03.01 / Жетписбаева Бахытгуль Асылбековна. – М., 2010. – 46 с.

*Материал редакцияга 15.03.21 түсті.*

**Н.Т. Дүйсенова**

Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

#### **ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ И ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ**

**Аннотация.** В данной статье языковая личность рассматривается в условиях билингвального и полилингвального языкового образования с лингводидактической и лингвокультурологической позиции и опирается на модель языковой личности Ю. Н. Караулова, который рассматривает человека изучающего языки как языковую личность.

Опираясь на исследования зарубежных и отечественных ученых доказывається, что изучение второго L2 и третьего L3 языка основывается на языковом опыте языковой личности, сформировавшейся на родном языке. В связи с тем, что процесс формирования языковой личности через изучение иностранного языка связан с системой родного языка, в новой языковой среде на основе уже сформированной языковой личности школьника формируется вторая языковая личность и предлагается возможность ее использования в отечественной системе образования. "Вторая языковая личность" является одним из важнейших и основных понятий в современной теории и методике обучения иностранному языку, и поскольку в современной лингводидактике формирование второй языковой личности оценивается как цель обучения иностранному языку и критерий его эффективности, то данная научная концепция может оказать большую помощь учителям иностранных языков и учителям-предметникам, осуществляющим преподавание учебных предметов естественнонаучного направления на иностранном языке.

**Ключевые слова:** билингвальное и полилингвальное языковое образование, языковая личность, модель языковой личности, вторичная языковая личность, формирование второй языковой личности

**N. Duisenova**

Taraz regional Dulati-University, Taraz, Kazakhstan

#### **FORMATION OF THE STUDENT'S LANGUAGE AND MULTILINGUAL PERSONALITY**

**Abstract.** In this article, the linguistic personality is considered in the context of bilingual and polylingual language education from a linguodidactic and linguocultural point of view and is based on the model of the linguistic personality of Yu.N. Karaulov, who justified the need to treat a person as a linguistic personality when learning a language. Based on research, it is proved that the learning of the second L2 and third L3 language in the process of multilingual education is based on the language experience of the language person formed in the native language. Since the process of forming a language personality through the study of a foreign language is connected with the native language system, it is

proposed that in a new language environment, a second language personality is formed on the basis of a pre-formed language personality of a student, and it is proposed to apply it in the domestic education system. "Second language person" is one of the most important and basic concepts in the modern theory and methodology of teaching a foreign language, and since the formation of a second language person in modern linguodidactics is considered as the goal of teaching a foreign language and a criterion for its effectiveness, this scientific concept, whether in Language Teaching or in integrated learning, will be of great help to Language teachers and subject teachers who teach natural science subjects in a foreign language.

**Keywords:** language personality, second language personality, multilingual personality, language personality model, bilingual personality model, bilingualism, polylinguism

#### References

1. Kazakhstan Respublikasynda bilim beru zhuiesin damyntydyng 2015 zhylyga deiingi tuzhyrymdamasynyng zhobasy. [Draft Concept for the development of the education system of the Republic of Kazakhstan until 2015]. –Access mode: <https://www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy> Astana, 2004. [inKazakh].
2. Dzhurinski, A.N., Clarin, V.M. Komenski, J.A. Pedagogicheskoe nasledie [Pedagogical heritage]. – Moscow: Pedagogika, 1987. – 412p. [In Russian].
3. [?] Ushtildi bilim beru salasyndagy gylimi zertteuler bagdarlama zhobasy.[Research program in the field of trilingual education] – Astana: National Academy of Education named after Y.Altynsarin atyndagy Ul'tyk bilim akademiasy [Academy of Education named after Y.Altynsarin], 2016. – 89p.[In Kazakh].
4. Anikin, D.V. Issledovanie yasykovoi lichnosti sostavitelya "Povesti vremennykh let"[The study of the linguistic personality of the compiler of the " Tale of Bygone Years»]: diss. ... kand.philol.nauk: 10.02.01. – Barnaul, 2004. – 205p.[In Russian].
5. Vorkachev, S.G. Lingvokulturologiya, yasykovaya lichnost, concept: stanovlenie antropocetricheskoi paradigm v yasykosnanii [Linguoculturology, linguistic personality, concept: the formation of an anthropocentric paradigm in linguistics] / Philologicheskie nauki [Philological sciences]. – 2001. – № 1. – PP. 64-72. [in Russian].
6. Bogin, G.I. Nachalnye urovni rasvitiya yasykovoi lichnosti shkolnika kak format dlya opredeleniya uspeshnosti ego philologicheskoi podgotovki [The initial levels of development of the student's language personality as a format for determining the success of his philological training]. – Access mode:<http://university.tversy.ru/>. Accessed 19.10.2019.[in Russian].
7. Karaulov, Yu.N. Russkiyyazyk I yazykovayalichnost'[Russian and language personality]. – Moscow: Nauka, 1987. – PP. 29-68. [in Russian].
8. Karaulov, Yu.N. Russkiyyazyk I yazykovayalichnost'[Russian and language personality]. – Moscow: Izd-vo LKI, 2010. 264 p. [in Russian].
9. Karaulov, Yu.N. Yazykovayalichnost'. Russkiyyazyk: ehntsiklopediya[Language personality. Russian language: Encyclopedia]: 2-e. izd.,pererab. idop. Bol'shayarossiyskayaehntsiklopediya[The Great Russian Encyclopedia]. – Moscow: Drofa, 1997. - 672 p. [in Russian].
10. Mursalinova, A.Zh. Metodicheskie osnovy formirovaniya funktsionalnoi gramotnosti uchashchichsya-kazakhov pri obuchenii russkomu yasyku v 10-11 klassakh shkoly novogo tipa[Methodological bases of formation of functional literacy of Kazakh students in teaching Russian in grades 10-11 of a new type of school]. – Almaty, 2002. 31p. [in Russian].
11. Kerimova, S.M. Madenietaralyq qatysymnyng lingvistikalyyq aspektileri [Linguistic Aspects of Intercultural Communication]. – Access mode: <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/Диссертация%20Керимова%20PDF.pdf>. - Access mode: 16.12.2020.[in Kazakh].

12. [Chasanuly, B. Tildikqatynasnegisderi](#)[Fundamentals of Language Relations]. – [Almaty, 2006. – 86p. \[in Kazakh\]](#).
13. [Potemkina, E.V. Vtorichnaya yasykovaya lichnost' kak obekt lingvodidaktiki](#)[Secondary linguistic personality as an object of linguodidactics]/ *Vestn.CMO MGU*[*Bulletin MSU*],2012. No 4. PP. 59–64. [In Russian].
14. Khaleeva, I.I. Vtorichnaya yazykovaya lichnost' kak retsipiyent inofonnogo teksta. Yazyk – sistema. Yazyk – tekst. Yazyk – sposobnost'[Secondary language personality as a recipient of a foreign language text. Language-system. Language – text. Language-ability]. – Moscow: RAN IRYa, 1995. PP. 277-286. [in Russian].
15. Chalyapina, L.P. *Technologiya sopostovitel'nogo konceptual'nogo analiza v sisteme formirovaniya polikulturnoi yasykovoii lichnosti* [The technology of comparative conceptual analysis in the system of formation of a multicultural language personality]/ *Sibirskii pedagogicheskii journal*[*Siberian pedagogical journal*]. – 2009. – № 1. – PP. 184-193. [in Russian].
16. Galskova, Y.D., Gez N.I. *Teoriya obucheniya inostrannym yasykam: Lingvodidaktika i metodika: Uchen. Posobie dlya stud. lingv. Un-ov I fak. in.yaz. vys.ped.ucheb.savedenii* [Theory of teaching foreign languages: Linguodidactics and methodology]/*Textbook for students of linguistic universities and foreign language faculties of higher pedagogical educational institutions. – 6-e izd., ster. - Moscow: Publishing Center "Academy», 2009. – 336p. [in Russian]*.
17. Shcherba, L.V. *Yasykovaya Sistema I rechevaya deyatelnost* [Language system and speech activity].– Leningrad: Nauka, 1974. – 426p. [in Russian].
18. Blinova, S.G., Cvetkova, T.K. *Problema formirovaniya bilingval'nogo sosnaniya v lingvistike I lingvodidaktike*[The Problem of the Formation of Bilingual Consciousness in Linguistics and Linguodidactics]// *Yaroslavskii pedagogicheskii journal*[*Yaroslavsk pedagogical journal*]. - Access mode: [http://vestnik.yvspu.org/releases/novye\\_issledovaniy/25\\_6/](http://vestnik.yvspu.org/releases/novye_issledovaniy/25_6/). [in Russian].
19. Zhetpisbayeva, B.A. *Theoretiko-methodologicheskie osnovy poliyasychnogo obrosovaniya* [Theoretical and Methodological Foundations of Multilingual Education]: avtoref. dis. ... doct. ped. nauk: 13.03.01 / Zhetpisbayeva Bachytkul Asylbekovna. – Moscow, 2010. – 46 p.[in Russian].